 - Себебі электр қатері, өрт, жарылыс немесе құрылғыға байланысты ақау пайда болуы мүмкін.
- Ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз. Зақым келген қуат ашасын, қорек сымын немесе қабырғадағы босап қалған розетканы пайдаланбаңыз.
 - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.



- Тоңазытқыштағы сақтандырғышты білікті техник немесе қызмет көрсету компаниясы ауыстыруға тиіс.
 - Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері пайда болуы немесе адам жарақат алуы мүмкін.

Орнатуға қатысты ескертулер

АБАЙЛАҢЫЗ

- Құрылғының айналасына жеткілікті орын қалдырыңыз және оны тегіс жерге орнатыңыз.
 - Тоңазытқыштың деңгейі дұрыс болмаса, салқындату тиімділігі мен ұзақтығына әсер етуі мүмкін.
- Құрылғыны орнатып, іске қосқаннан кейін тағам салар алдында 2-3 сағат күтіңіз.
- Тоңазытқышты міндетті түрде білікті техник маман немесе сервис компаниясының орнатуын қатаң түрде ұсынамыз.
 - Бұлай істемеген кезде, электр қатері, өрт, жарылыс, құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін.

Пайдалануға қатысты қатаң ескертулер

ЕСКЕРТУ

- Қуат ашасын су қолыңызбен розеткаға сұқпаңыз.
 - Себебі электр қатері орын алуы мүмкін.
- Құрылғының үстіне зат қоймаңыз.
 - Есікті ашқанда немесе жапқанда, заттар құлап кетіп, адам жарақаттануы немесе және/не мүлікке зиян келуі мүмкін.
- Қолдарыңызды, аяқтарыңызды немесе темір заттарды (мысалы, тіс шұқығыш т.с.с.) тоңазытқыштың астыңғы немесе артқы жақтарына салмаңыз.
 - Себебі электр қатері орын алуы немесе жарақат алуыңыз мүмкін.



Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Кез келген өткір қырлар жарақат алуға себеп болуы мүмкін.
- Мұздатқыш бөліктің ішкі қабырғасын немесе мұздатқыш бөліктің ішінде тұрған заттарды су қолмен ұстамаңыз.
 - Теріні қарып кетуі мүмкін.
- Су құйылған сауытты тоңазытқыштың үстіне қоймаңыз.
 - Төгіліп қалса, өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішіне буланғыш немесе тұтанғыш нәрселерді немесе заттарды (бензол, сұйылтқыш, пропан газы, спирт, эфир, СГ және тағы басқа осы сияқты заттарды) сақтамаңыз.
 - Бұл тағам сақтауға ғана арналған тоңазытқыш.
 - Себебі өрт немесе жарылыс шығуы мүмкін.
- Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.
 - Саусақтарыңызды "қыстыратын аумақтардан" алыс ұстаңыз. Есіктер мен корпусының арасына қажетіне орай шамалы орын қалдырылған. Балалар жақын жерде болса, есіктерді байқап ашыңыз.
- Өзіңіздің немесе балалардың саусақтарын есіктердің арасына қыстырмаңыз.
 - Саусақтарыңызды есіктің сол және оң жақ жапсарларынан алыс ұстаңыз. Есіктерді ашар алдында саусақтарыңыздың олардың арасында тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Балаларға есікке немесе есіктің сауыттарына тартылып тұруға рұқсат бермеңіз. Ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруге рұқсат бермеңіз. Қамалып қалуы мүмкін.
- Қолыңызды құрылғының астына сұқпаңыз.
 - Өткір қырларына жарақаттанып қалуыңыз мүмкін.
- Фармацевтикалық өнімдерді, ғылыми материалдарды не температураға сезімтал заттарды тоңазытқышта сақтамаңыз.
 - Температурасын қатаң бақылап отыруды қажет ететін өнімдерді тоңазытқышта сақтамаңыз.



- Егер фармацевтикалық заттың немесе түтіннің иісін сезсеңіз, қуат ашасын дереу ағытып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тоңазытқышқа шаң немесе су кірсе, ашасын суырып алыңыз да, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Әйтпесе өрт шығу қаупі бар.
- Балаларға тартпаны басып кетуге рұқсат бермеңіз.
 - Тартпа сынып, балалар тайып құлап кетуі мүмкін.
- Тоңазытқыштың қасында болмаған кезде есігін ашық қалдырмаңыз және балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруге жол бермеңіз.
- Сәбилер мен балалардың тартпаға кіруіне жол бермеңіз.
 - Қамалып қалып, тұншығу немесе жарақат алуға байланысты мерт болу қаупі бар.
- Тоңазытқышқа шамадан тыс көп тағам салмаңыз.
 - Есікті ашқан кезде құлап кетіп адам жарақаттанып қалуы немесе мүлікке зақым келуі мүмкін.
- Құрылғының бетіне құрт-құмырысқа жойғыш тәрізді ұшқыш спрейді шашпаңыз.
 - Адамдарға зиянды болумен қатар, электр тогы соғуы, өрт қатерін тудыруы немесе құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.
- Су құйылатын саңылауға, мұз науасына және мұз жасағыштың себетіне саусақтарыңызды немесе басқа заттарды ешқашан салмаңыз.
 - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.
- Тұтанғыш спрей, тұтанғыш заттар, құрғақ мұз, дәрі-дәрмек немесе химикат тәрізді температураға сезімтал заттарды құрылғының қасында пайдаланбаңыз немесе ішіне қоймаңыз.
- Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз. Тоңазытқыштың ішіне жағымсыз иісті кетіру үшін жанып тұрған шамды қоймаңыз.
 - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.



Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Су сауытын, мұз науасын және мұз текшелері науасын ауыз суымен ғана (минералды немесе тазартылған сумен) толтырыңыз.
 - Сауытқа шай, балшырын немесе энергетикалық сусын құймаңыз, себебі мұздатқышқа зақым келуі мүмкін.
- Құрылғының үстіне шықпаңыз немесе зат қоймаңыз (мысалы, кір, жанып тұрған шамдар, тұтатылған шылым, ыдыстар, химикаттар, металл заттар т.с.с.). Себебі электр қатері, өрт немесе құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін. Су құйылған сауытты құрылғының үстіне қоймаңыз.
 - Төгіліп қалса, өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.
- Ультракүлгін LED шамына ешқашан ұзақ уақыт тура қарамаңыз.
 - Себебі ультракүлгін сәулелердің әсерінен көзіңіз талығуы мүмкін.
- Сөрені төңкеріп қоймаңыз. Сөренің тірегіші жұмыс істей алмайды.
 - Шыны сөре құлап кетіп, адам жарақат алуы мүмкін.
- Саусақтарыңызды "қыстыратын аумақтардан" алыс ұстаңыз. Есіктер мен корпустың арасына қажетіне орай шамалы орын қалдырылған. Балалар жақын жерде болса, есіктерді байқап ашыңыз.
- Газ жылыстап шыққанын байқасаңыз, ашық от көзінің немесе басқа да газды тұтандыруы мүмкін заттардың жоқ екенін тексеріңіз де, құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіңіз.
 - Құрылғыға немесе қуат сымына қол тигізбеңіз.
 - Желдеткішті қолданбаңыз.
 - Жарқыл пайда болып, жарылысқа немесе өртке ұласуы мүмкін.
- Бөтелкелерді құлап қалмас үшін бір-біріне өте жақын орналастырып қою керек.
- Бұл тек үйде тағам сақтауға арналған құрылғы.
- Су құйылатын саңылауға, мұз науасына және мұз жасағыштың себетіне саусақтарыңызды немесе басқа заттарды ешқашан салмаңыз.
 - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекет етпеңіз.



- Стандартты сақтандырғыштан басқа сақтандырғышты (мысалы, мыс, темір сым т.б.) пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқышты жөндеу немесе қайта орнату қажет болса, жақын жердегі сервис орталығына хабарласыңыз.
 - Бұлай істемеген кезде, электр қатері, өрт, құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқыштан тұтанған иіс немесе түтін шыққаны байқалса, дереу ток көзінен ағытыңыз да, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Бұлай істемесеңіз, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішкі шамдарын ауыстырар алдында ашаны розеткадан суырыңыз.
 - Себебі, электр тоғына түсу қатері бар.
- LED емес шамды ауыстыру қиынға соқса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз.
- Зақым келген ашаны, қорек сымын немесе босап қалған розетканы пайдаланбаңыз.
 - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.



Қауіпсіздік туралы ақпарат

Пайдалану кезіндегі сақтық шаралар

АБАЙЛАҢЫЗ

- Жібітілген тағамды қайта мұздатпаңыз.
 - Мұздатылған және жібітілген тағамдарда жаңа тағамға қарағанда зиянды бактериялар тез көбейеді.
 - Екінші рет жібіткенде бұдан да көп жасушалар бөлініп, ылғал сыртқы шығып, тағам құрылымының біртұтастығын бұзады.
- Етті бөлме температурасында жібітпеңіз.
 - Шикі тағамның дұрыс қолданылуы - қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді.
- Мұздатқыш бөлікке шыны шөлмектерді немесе газдалған сусындарды қоймаңыз.
 - Сауыт мұздап, жарылып кетіп, адам жарақат алуы мүмкін.
- Тоңазытқыштағы мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз.
- Үйден ұзақ уақытқа кетіп бара жатсаңыз (мысалы, демалысқа) және су немесе мұз диспенсерлерін пайдаланбайтын болсаңыз, судың кранын жабыңыз.
 - Себебі, су ағуы мүмкін.
- Тоңазытқышты ұзақ уақыт (3 апта не бұдан көп) пайдаланбайтын болсаңыз, тоңазытқышты соның ішінде, мұз себетін босатып, ток көзінен ағытып, судың кранын жауып, ішкі қабырғалардың беттеріндегі ылғалды сүртіп, иіс және зең пайда болмас үшін есікті ашық қалдырыңыз.
- Құрылғының барынша жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін:
 - Тағамдарды тоңазытқыштың артқы жағындағы желдеткіш саңылауларға тым жақын қоймаңыз, себебі тоңазытқыш бөліктің ішіндегі ауаның еркін айналуына кедергі жасайды.
 - Тағамды тоңазытқышқа қояр алдында, дұрыс ораңыз немесе ауа кірмейтін сауыттарға салыңыз.
 - Мұздатылған тағамдардың ең ұзақ сақтау уақыты мен жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз.



- Үш аптадан аз уақытқа кететін кезде тоңазытқышты тоқтан ажыратудың қажеті жоқ. Дегенмен, үш аптадан ұзақ уақытқа кетіп бара жатсаңыз, барлық тағамдарды және мұз себетіндегі мұзды алып, тоңазытқышты ток көзінен ағытып, судың кранын жауып, ішкі қабырғалардың беттеріндегі ылғалды сүртіп, иіс және зең пайда болмас үшін есікті ашық қалдырыңыз.
- Қызмет кепілдігі және өзгерту.
 - Бұл дайын құрылғыға 3-ші тарап енгізген кез келген өзгеріске Samsung тарапынан кепілді қызмет көрсетілмейді, сондай-ақ, Samsung 3-ші тарап енгізген өзгертуден туындаған, қауіпсіздікке қайшы жағдайлар үшін жауапкершілік көтермейді.
- Тоңазытқыштың ішіндегі ауа саңылауларын бітемеңіз.
 - Ауа саңылаулары бітелсе, әсіресе пластик қалтамен бітелсе, тоңазытқыш қатты салқындап кетуі мүмкін. Салқындату циклы өте ұзаққа созылса, су сүзгісі сынып, су ағып кетуі мүмкін.
- Тоңазытқышпен бірге жеткізілген мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз.
- Ішіндегі артық ылғалды сүртіңіз де, есіктерін ашық қалдырыңыз.
 - Әйтпесе, жағымсыз иіс, зең пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқыш электр желісінен ағытылып қалса, қайта қосар алдында кемінде бес минут күтіңіз.
- Тоңазытқыш су болып қалса, ашасын розеткадан суырып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Шыны беттің ешқайсысын соқпаңыз немесе оған шамадан тыс көп күш салмаңыз.
 - Сынған шыны адамға зақым және/немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.
- Су сауыты мен мұз текшесінің науаларын ауыз суымен ғана толтырыңыз (кран суы, минералды су немесе тазартылған су).
 - Сауытқа шай немесе спорт сусындарын құймаңыз. Себебі тоңазытқышқа зақым келтіруі мүмкін.
- Саусақтарыңыз қыстырылып қалмау үшін абай болыңыз.



Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Құрылғыны су басып кетсе, дереу электр желісінен ағытыңыз да, жақындағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Өрт шығуы немесе электр қатері орын алуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың есігінде көкөніс майын сақтамаңыз. Май қатып, пайдалануды қиындатуы мүмкін. Сонымен қатар, ашық сауыттан май ағып, аққан май есіктің сауытын жаруы мүмкін. Май сауытын ашқаннан кейін сауытты шкаф немесе буфет тәрізді салқын және көлеңкелі жерге сақтаған дұрыс.
 - Көкөніс майларының түрі: зәйтүн майы, жүгері майы, жүзім дәнінің майы және т.б.

Тазарту кезіндегі сақтық шаралары

АБАЙЛАҢЫЗ

- Тоңазытқыштың ішкі немесе сыртқы бетіне су шашпаңыз.
 - Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз.
- Тоңазытқыштың ішіндегі жағымсыз иісті кетіру үшін жанып тұрған шам қоймаңыз.
 - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тазалағыш құралдарды бейнебетке тура шашпаңыз.
 - Бейнебетке басылған қаріптер түсіп қалуы мүмкін.
- Құрылғыға су тәрізді бөгде зат кіріп кетсе, ашасын розеткадан суырып, ең жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Бұлай істемесеңіз, электр қатері немесе өрт пайда болуы мүмкін.
- Қуат ашасының істікшелеріндегі бөгде затты немесе шаңды тазалау үшін таза, құрғақ шүберекті пайдаланыңыз. Ашаны тазалаған кезде су немесе дымқыл шүберекті қолданбаңыз.
 - Себебі өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.
- Құрылғыға тура су шашып тазалауға болмайды.



- Бензол, сұйылтқыш немесе Clorox, хлоридті пайдаланып тазаламаңыз.
 - Себебі бұндай заттар құрылғының беткі қаптамасын бүлдіруі және өрт шығаруы мүмкін.
- Үлестіргіш тесікке ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды сұқпаңыз.
 - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.
- Тазалау немесе күтім көрсету жұмыстарын іске асырмай тұрып, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.
 - Бұлай істемесеңіз, электр қатері немесе өрт пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқышты тазалау үшін таза жөкені немесе жұмсақ матаны және жұмсақ жуғыш зат салынған жылы суды пайдаланыңыз.
- Терезе спрейлері, жеміргіш, тұтанғыш сұйықтар, тұз қышқылы, тазалағыш балауыздар, концентрацияланған сұйықтықтар, ағартқыштар немесе мұнай өнімдері бар жуғыш заттарды сыртқы беттерді (есіктер және корпус), пластик бөліктерді, есікті және ішкі қаптауларды және тығыздағыштарды тазалау үшін пайдаланбаңыз.
 - Бұл материалға сызат түсіруі немесе нұқсан келтіруі мүмкін.
- Суық тұрған шыны сөрелерді немесе қақпақтарды жылы сумен тазаламаңыз. Шыны сөрелер және қақпақтар кенет температура өзгерісінің әсеріне ұшыраса немесе оларды соғып не түсіріп алсаңыз, сынып қалуы мүмкін.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Құрылғыны қоқысқа тастауға қатысты қатаң ескертулер

ЕСКЕРТУ


- Бұл құрылғының орам материалдарын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін етіп тастау керек.
- Құрылғыны қоқысқа тастар алдында, артқы түтіктерінің ешбіріне зақым келмегеніне көз жеткізіңіз.
- Салқындатқыш ретінде R-600a немесе R-134a пайдаланылған. Тоңазытқышыңызда қандай тоңазытқыш сұйық қолданылғанын, құрылғының артындағы компрессордың жапсырмасынан немесе құрылғының ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасынан қараңыз. Бұл тоңазытқышта тұтанғыш газ (R-600a салқындатқышы) бар болса, бұл құрылғыны қауіпсіз етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.
- Бұл тоңазытқышты тастаған кезде, кішкене балалар немесе жануарлар қамалып қалмас үшін тоңазытқыштың есігін/есігінің тығыздағышын және есігінің бекітпесін ағытып алыңыз. Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек. Бала ішіне қамалып қалса, жарақат алуы немесе тұншығып мерт болуы мүмкін.
 - Бала қамалып қалса, жарақат алуы және тұншығып мерт болуы мүмкін.
- Оқшаулау үшін циклопентан қолданылған. Оқшаулау материалындағы газды тастау үшін арнайы қоқысқа тастау шарасын орындау керек. Осы құрылғыны қоршаған ортаға залал тигізбейтін етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.
- Орам материалдарының барлығын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз, себебі орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.
 - Бала басына қалтаны киіп алса, тұншығып қалуы мүмкін.

Құрылғыны дұрыс пайдалануға арналған қосымша кеңес

- Ток сөніп қалған жағдайда, жергілікті электрмен жабдықтау компаниясына қоңырау шалып, электр тогының қанша уақыт болмайтынын сұраңыз.
 - Ток бір немесе екі сағат ішінде қалпына келсе, тоңазытқыш температурасына әсер етпейді. Дегенмен, ток сөніп тұрған кезде тоңазытқыштың есігін барынша аз ашу керек.
 - Электр қуаты 24 сағаттан астам сөніп қалса, мұздатылған тағамдардың барлығын алыңыз да, тастаңыз.
- Құрылғыны температурасы бұл құрылғы жұмыс істейтін ортаның температурасынан үнемі төмен болатын жерге ұзақ уақыт қойсаңыз, тоңазытқыш бір қалыпты (мұздатылған тағам еріп кетуі немесе мұздатылған тағам бөлігіндегі температура тым төмендеп кетуі) жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тағамдардың кей түрлерін тоңазытып сақтаған кезде, тағам сапасына қарай дұрыс сақталмауы мүмкін.
- Құрылғыңызға мұз қатпайды, басқаша айтқанда, құрылғының мұзын қолдан жібітудің қажеті жоқ. Бұл әрекет автоматты түрде орындалады.
- Жібіту кезінде температураның көтерілуі ISO талаптарына сай келеді. Құрылғыны жібіту барысында тоңазытқыш ішіндегі мұздатылған тағам температурасының жоғарылап кетуін қаламасаңыз, мұздатылған тағамды бірнеше қабат газетке ораңыз.
- Мұздатылған тағамды әбден жібітіп болғаннан кейін қайта мұздатпаңыз.
- Екі жұлдыз таңбасы салынған бөлімнің (бөлімдердің) немесе екі жұлдыз белгісі бар (**) бөліктің (бөліктердің) температурасы, басқа мұздатқыш бөлікке (бөліктерге) қарағанда сәл жоғарырақ.
Екі жұлдызы бар бөлім (бөлімдер) немесе бөлік (бөліктер) құрылғыны жеткізген кездегі нұсқауларға және/немесе жағдайларға сай келеді.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

WEEE туралы нұсқаулар



Өнімді дұрыс тастау (Қолданыс мерзімі аяқталған электр және электроника құрылғысы)

(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілеспе кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлаққабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

Samsung қоршаған ортаға қатысты міндеттемелерін және өнімге қатысты заң алдындағы нақты міндеттерін, яғни REACH, WEEE немесе батареялар туралы ақпаратты қарағыңыз келсе, мына сайтқа барыңыз: Samsung.com

(Еуропа елдерінде және Ұлыбританияда сатылатын өнімдерге ғана қатысты)

Орнату

Бұл тоңазытқышты дұрыс орнату және қолданбай тұрып оқыс жағдайларға жол бермеу үшін осы нұсқауларды мұқият орындаңыз.

ЕСКЕРТУ


- Тоңазытқышты осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз.
- Кез келген қызмет көрсету жұмысын білікті техник ғана орындауға тиіс.
- Құрылғының орам материалын жергілікті ережелерге сәйкес қоқысқа тастаңыз.
- Электр тоғы соқпас үшін қызмет көрсету немесе бөлшектерді ауыстыру алдында қуат ашасын суырыңыз.

Орнату

Тоңазытқышқа жалпы шолу

Нақты тоңазытқыш пен онымен бірге жеткізілген бөлшектер үлгі түріне және елге байланысты суретте көрсетілгеннен басқаша болуы мүмкін.

Орнату



-
- | | |
|--|-------------------|
| 01 Тоңазытқыш есігінің сауыты | A. Тоңазытқыш |
| 02 Тоңазытқыштың сәресі | B. Көрінетін есік |
| 03 Жылдам орын босату сәресі * | C. Мұздатқыш |
| 04 Контейнерлер/Икемді контейнерлер тартпалары * | D. Салқын аумақ+ |
| 05 Мұздатқыш есігінің тартпасы | |
| 06 Мұздатқыштың сәресі | |
| 07 Мұздатқыштың тартпасы | |
| 08 Басқару панелі | |
| 09 Майысқақ мұз жасағыш * | |

* Қолжетімді үлгілерде ғана

ЕСКЕРТПЕ

- Қуат тиімділігін қамтамасыз үшін сәрелердің барлығын, тартпаларды және себеттерді бастапқы орындарына қойыңыз.
- Есікті жапқан кезде, басқа есікке сызат түсірмеу үшін тігінен топсаланған бөліктің дұрыс орында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Тігінен топсаланған бөлік кері ауысып тұрса, дұрыс орынға қайта қойыңыз да, содан кейін есікті жабыңыз.
- Тігінен топсаланған бөлікте кейде ылғал пайда болуы мүмкін.
- Есікті өте қатты жапсаңыз, екінші есік ашылуы мүмкін.
- Ішкі немесе сыртқы LED шамы істен шықса, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


Орнату

Есіктің сауыттары

Тоңазытқышыңызбен бірге өлшемдері мен пішімдері әр түрлі есікке арналған сауыттар жеткізіледі. Тоңазытқышыңыздың есікке арналған сауыттары жеке оралған болса, сауыттарды дұрыс орнату үшін төмендегі суреттерді қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Нақты тоңазытқыш пен онымен бірге жеткізілген бөлшектер үлгі түріне және елге байланысты суретте көрсетілгеннен басқаша болуы мүмкін.



Орнату қадамдары

ҚАДАМ: 1 Орнататын жерді таңдаңыз

Орнататын орын:

- Ауа айналымына кедергі келтіретін кілем немесе еден төселмеген болуы керек
- Күн сәулесі тура түспейтін болуы керек
- Есікті ашу және жабу үшін жеткілікті орынмен қамтамасыз етілген болуы керек
- Жылу көздерінен алыс болуы керек
- Күтім көрсету және сервис жұмыстарын орындау үшін жеткілікті орынмен қамтамасыз етілген
- Температура ауқымы 10 °C және 43 °C аралығында болуы керек

Тиімді температура ауқымы

Тоңазытқыш өз класы үшін көрсетілген температура ауқымында қалыпты жұмыс істеуге сәйкес жасалған.

Санаты	Таңба	Қоршаған орта температурасының ауқымы (°C)	
		IEC 62552 (ISO 15502)	ISO 8561
Көбейтілген температура	SN	+10 бастап +32 дейін	+10 бастап +32 дейін
Температура	N	+16 бастап +32 дейін	+16 бастап +32 дейін
Субтропикалық	ST	+16 бастап +38 дейін	+18 бастап +38 дейін
Тропикалық	T	+16 бастап +43 дейін	+18 бастап +43 дейін


ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқыштың салқындату қарқыны мен пайдаланатын қуат мөлшеріне қоршаған ортаның температурасы, есікті ашу жиілігі және тоңазытқыштың орналасқан орны әсер етуі мүмкін. Температура параметрлерін тиісінше реттеуді ұсынамыз.


Орнату

Бос орын

Құрылғы орнатылған орынға қойылатын талаптарды келесі суреттер мен кестелерден қараңыз.



"A" тереңдігі	723 мм
"B" ені	912 мм
"C" биіктігі	1797 мм
"D" жалпы биіктігі	1825 мм




01	50 мм-ден артық орын қалдыруды ұсынамыз
02	125°
03	1472 мм
04	282 мм
05	610 мм
06	47 мм
07	1093 мм

ЕСКЕРТПЕ

Кестелерде көрсетілген өлшемдер өлшеу мен дөңгелектеу әдістеріне қарай нақты өлшемдерден сәл басқаша болуы мүмкін.

ҚАДАМ: 2 Еден

Тоңазытқыштың өлшеміне байланысты оны кіреберістен өткізе алмасаңыз, **Есікті тоңазытқышты кіргізу үшін алу** бөлімін қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ

Еденді бүлдіріп алмау үшін алдыңғы реттемелі тіреулерін жоғары қаратып тасыңыз.

- Тоңазытқыш орнатылатын беткі қабат іші әбден толтырылған тоңазытқышты көтере алатындай болуы керек.
- Еденді қорғау үшін тоңазытқышты орнататын жерге апаратын жолға картонның үлкен бөлігін төсеу керек.
- Тоңазытқышты тұрақты тұратын жеріне орнатқаннан кейін, еденді қорғау үшін, егер қажет болмаса орнынан қозғамаңыз. Тоңазытқышты жылжыту керек болса, жылжытатын жолға қалың қағаз немесе ескі кілем тәрізді шүберек төсеңіз.

Орнату


ҚАДАМ: 3 Есікті тоңазытқышты кіргізу үшін алу

Егер тоңазытқыштың өлшеміне байланысты оны үйдің немесе асүйдің есігінен өткізу мүмкін болмаса, тоңазытқыштың есігін алып, содан кейін қайта орнату үшін мына нұсқауларды орындаңыз. Егер есіктерін алу қажет болмаса, орнатуды жалғастыру үшін **40** бетіне өтіңіз.


⚠ ЕСКЕРТУ

Есіктерін ағытып алмас бұрын тоңазытқыштың сымын тоқтан суырыңыз.


Саймандар қажет (жинаққа кірмейді)




Айқыш ұшты бұранда бұрағыш




Жалпақ ұшты бұранда бұрағыш



Қырлы бұранда бұрағыш $\frac{3}{8}$ "
(10 мм)




Тістеуік






Әмбебап гайка кілті $\frac{1}{4}$ " (5 мм)

Тоңазытқыштың есіктерін ағытып алу



1. Есіктер жабық тұрғанда үстіңгі қақпақтағы бұрандаларды (x3) алу үшін әмбебап бұранда бұрағышын пайдаланыңыз. Үстіңгі қақпақты жалғастырғыштарымен бірге көтеріп алыңыз.





2. Сол жақ есіктегі екі жалғастырғышты ағытыңыз. Жалғастырғыштардың орындары үлгіге байланысты әр түрлі болады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Екі есікті бір мезетте алмаңыз. Есіктерді міндетті түрде бір-бірден алыңыз. Себебі, есіктердің біреуі құлап, жарақат алуға әкелуі мүмкін.
 - Жалғастырғыштарды ағыту алдында тоңазытқыштың қуат көзінен ағытылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Сол жақ есіктегі жалғастырғышты суретте көрсетілгендей су түтігінен ағытыңыз.
 - Бұл қадам AutoFill құмырасы мен су диспенсері жоқ үлгілерге қатысты емес.
 4. Қапсырманы бірнеше қадам жасап, баппен жоғары тартыңыз. Саусаққа зақым келмес үшін, қапсырмаға кенет салмақ салмаңыз.

5. Қапсырманы алу үшін жоғары тартыңыз.

Орнату






6. Есікті 90 градусқа дейін ашыңыз. Есікті ұстап тұрып, үстіңгі топсаны тартып шығарыңыз. Топсаны алған кезде жалғастырғыш сымдарға зақым келтірмеу үшін абай болыңыз.
7. Есікті ағытып алу үшін баппен, тік ұстаған қалпы жоғары тартыңыз. Есікке қатты салмақ салмаңыз. Есік құлап қалып, жарақаттауы мүмкін.
8. Есікті тегіс жерге қойыңыз.
9. Келесі есік үшін 1-8 қадамдарының 3-ші қадамынан басқа қадамдарының барлығын орындаңыз. Оң жақ есікте су түтігі жоқ.
 - 2-ші қадам витрина есігі жоқ үлгілерге қатысты емес.

Мұздатқыштың есіктерін ағытып алыңыз


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Мұздатқыштың есіктерін алмай тұрып, міндетті түрде тоңазытқыштың есіктерін алыңыз.
- Астыңғы жалғастырғыштарды ағытқан кезде сақ болыңыз.



1. Мұздатқыштың есігін ашыңыз.
2. **Қақпақты (А)** ұстап тұрған бұрандаларды ағытып алу үшін әмбебап бұрағышты пайдаланыңыз.
 - Бұл қадам тек мұздатқыш есігінің оң жағына қатысты (Cool Select+ (Салқын аумақ+) есігі).
3. Сым жалғастырғыштарды ағытыңыз.
 - Бұл қадам тек мұздатқыш есігінің оң жағына қатысты (Cool Select+ (Салқын аумақ+) есігі).
4. Топсаның білікшесін табыңыз. Есікті бір қолыңызбен ұстап тұрып, жалпақ басты бұранда бұрағышты немесе гайка кілтін қолданып, білікшені төмен басыңыз. Есік құлап кетпес үшін ұстап тұрыңыз.

Орнату




5. Ортаңғы топсаға тиіп кетпеу үшін есікті сәл алға қарай еңкейтіп, содан кейін көтеріп алыңыз.
6. Келесі есік үшін 1-5 қадамдарының 2-ші және 3-ші қадамдарынан басқа қадамдарын орындаңыз.

Мұздатқыштың есіктерін қайта салу үшін

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Есіктерді қайта салғаннан кейін барлық электр қосылымдарының дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Мұздатқыштың есіктерін тоңазытқыш есіктерін салмай тұрып орнату керек.
- Осы кезде сымдарға зақым келтіріп алмау немесе басып кетпеу үшін абай болыңыз.




1. Мұздатқыштың есігін көрсеткі бағытына қарай итеріп тұрып, мұздатқыш есігін астыңғы топсаға салыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Осы кезде сымдарға зақым келтіріп алмау немесе басып кетпеу үшін абай болыңыз.



2. Топсаның білікшесін төмен басу арқылы есікті орналастырған кезде, топса білікшесінің топсаның ортасындағы білікше тесігінен төмен болуын қамтамасыз етіңіз. Топса білікшесін білікше тесігіне кіргізу үшін босатыңыз.




3. Есік ашық тұрған кезде астыңғы жалғастырғыштарды көрсеткілердің бағытына сай келтіріп жалғаңыз.
 - Бұл қадам тек мұздатқыш есігінің оң жағына қатысты (Cool Select+ (Салқын аумақ+) есігі).




4. Қапқатты әмбебап бұранда бұрағышпен орнатыңыз. Жалғастырғыштарға зақым келтіріп алмау немесе басып кетпеу үшін абай болыңыз.
 - Бұл қадам тек мұздатқыш есігінің оң жағына қатысты (Cool Select+ (Салқын аумақ+) есігі).
5. Келесі есік үшін 1-5 қадамдарының 3-ші және 4-ші қадамдарынан басқа қадамдарын орындаңыз.

Орнату


Тоңазытқыштың есіктерін қайта салу үшін




1. Есікті 90 градустан асырып ашып тұру арқылы ортаңғы топсаның білікшесін есіктің астыңғы жағындағы тесікке енгізіңіз.





2. Үстіңгі топсаны тоңазытқыштың үстіндегі орнына қойып, содан кейін топсаның білікшесін есіктің үстіңгі тесігіне салыңыз. Есік сымдарының топсаның білікшесіндегі тесіктерден өтетініне көз жеткізіңіз.



3. Қапсырманы көрсеткі бағытымен салыңыз.



4. Қапсырманы көрсетілгендей итеріңіз.



5. Сым жалғастырғыштарды жалғаңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Сым жалғастырғыштарының дұрыс қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, дисплей жұмыс істемейді.

6. Су түтігін жалғаңыз.

- Бұл қадам AutoFill құмырасы мен су диспенсері жоқ үлгілерге қатысты емес.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Су ағып кетпеу үшін жалғастырғыштарды қызыл қапсырмалармен мұқият бекіту керек.
- Қапсырмаларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

7. 1-5 қадамдарын келесі есік үшін де қайталаңыз.

- 5-ші қадам витрина есігі жоқ үлгілерге қатысты емес.

8. Әуелі үстіңгі қақпақтың алдыңғы жағын бері қаратып орналастырыңыз да, содан кейін орнына келтіру үшін төмен қарай басыңыз. Содан кейін бұрандаларды (x3) қатайтыңыз.


Орнату

ҚАДАМ: 4 Тоңазытқыштың деңгейін реттеу

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Орнатқан кезде тоңазытқышты тегіс, қатты еденге бір деңгейде орналастыру керек. Тоңазытқыш бір деңгейде орнатылмаса, оған нұқсан келуі немесе адам жарақаттануы мүмкін.
- Тоңазытқыштың деңгейін келтірген кезде оның іші бос болуы керек. Тоңазытқыштың ішінде тағам жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіз болу үшін алдыңғы тіреулерін артқы тіреулерден сәл биіктеу етіп реттеңіз.



Тоңазытқыштың деңгейін алдыңғы тіреулеріне арнайы бұрандаларды (деңгейлегіштер) бұрау арқылы реттеңіз. Деңгейлегіштерді бұрау үшін жайпақ басты бұрағышты пайдаланыңыз.



- Сол жақтың биіктігін реттеу үшін: Жайпақ басты бұрағышты сол жақ алдыңғы тіреудің деңгейлегішіне сұғыңыз. Сол жағын көтеру үшін деңгейлегішті сағат тілінің бағытында, ал төмендету үшін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.
- Оң жақтың биіктігін реттеу үшін: Жайпақ басты бұрағышты оң жақ алдыңғы тіреудің деңгейлегішіне сұғыңыз. Оң жағын көтеру үшін деңгейлегішті сағат тілінің бағытында, ал төмендету үшін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.

ҚАДАМ: 5 Есіктің биіктігін реттеңіз

Биіктікті биіктік тетігімен (қолжетімді үлгілерде ғана) реттеңіз






- Тоңазытқыштың есігін деңгейлеу алдында тоңазытқыштың дұрыс деңгейленіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін деңгейлеу тетіктерін пайдаланыңыз.
- Тоңазытқыштың оң жақ есігінің астыңғы жағында орналасқан биіктік деңгейлегішті пайдаланыңыз. Тоңазытқыштың екі есігін жауып, мұздатқыштың оң жақ есігін ашыңыз да, оның деңгейін деңгейлегіш тетікпен реттеңіз.
- **Биіктік тетігін (A)** үстіңгі екі есіктің деңгейі реттелгенше бұраңыз. Оң жақтағы есікті биіктету үшін тетікті ЖОҒАРЫ (көрсетіліп тұр) бұрап, төмендету үшін ТӨМЕН (көрсетіліп тұр) бұраңыз.
- Деңгейлеу қадамын жеңіл орындау үшін тоңазытқыштың есігін сәл көтеріңіз. Ең көбі 3 мм-ге дейін биіктетуге болады.
 - Тетік осы макс. биіктету деңгейінен аспайды. Тым көп биіктетілсе шуыл шығуы мүмкін.
 - Биіктік деңгейі шамадан асып кетсе, тоңазытқыш есігінің үстіңгі топсасының қақпағына кедергі келтіруі мүмкін.
- Есіктің биіктігін есік сауыттары бос тұрған кезде биіктетіп, сауыттарды содан кейін толтырғанда, есік биіктіктері ауытқып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда есіктерді қайта деңгейлеу үшін жоғарыда берілген қадамдарды қайталау керек.

Орнату

Биіктіктерді серіппелі шығырықтардың көмегімен реттеу

Биіктікті реттейтін тетіктері тоңазытқыштың оң жақ есігінде орналасқан үлгілерде, есіктерді биіктікті реттейтін тетіктермен деңгейлей алмасаңыз ғана серіппелі шығырықтарды пайдаланып деңгейлеңіз.



ЕСКЕРТПЕ


Есіктің биіктігін жинақпен берілген серіппелі шығырықтарды пайдаланып реттеуге болады, олар 4 түрлі өлшемде келеді (1 мм, 1,5 мм, 2 мм және 2,5 мм).

1. Есіктердің арасындағы биіктік айырмашылықтарын тексеріңіз, содан кейін аласа тұрған есікті көтеріп ұстап тұрыңыз.
2. Өлшемі сәйкес келетін **серіппелі шығырықты (А)** топса мен **есік тығыздағышының (В)** арасына салыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ


- Серіппелі шығырықтың тек біреуін ғана салыңыз. Екі немесе одан көп серіппелі шығырық салынса, сырғып шығып кетуі немесе үйкелген дыбыс шығаруы мүмкін.
- Серіппелі шығырықтарды кейін пайдалану үшін балалардың қол жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Есікті өте көп биіктетпеңіз. Есік үстіңгі қақпаққа тиіп, зақым келтіруі мүмкін.

Мұздатқыш есігінің биіктігін (қолжетімді үлгілерде ғана) реттеу



- Тоңазытқыштың есігін деңгейлеу алдында тоңазытқыштың дұрыс деңгейленіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін деңгейлеу тетіктерін пайдаланыңыз.
- Мұздатқыштың екі есігінің де биіктігін астыңғы топсада орналасқан тетікпен реттеуге болады.
- Есікті ашып, сәл көтеріңіз де, тетікті солға немесе оңға қарай бұрау арқылы биіктікті реттеңіз.

Тоңазытқыштың есіктерінің және негізгі корпусының арасындағы саңылауды реттеу (қолжетімді үлгілерде ғана)




- Тоңазытқыш бөліктің астында орналасқан реттегіш болтты пайдаланып, тоңазытқыштың есіктерінің және негізгі корпусының арасындағы саңылауды реттеуге болады.
- Есіктің тығыздағышын көтеріп, тығыздағыштың астындағы реттегіш тетікті тауып алыңыз. Саңылауды реттеу үшін 4 мм гайка кілтін пайдаланыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Тығыздағышты мықтап орнатыңыз. Себебі тоңазытқыштың ішіндегі суық ауа шығып кетеді.

Орнату


Тоңазытқыштың есіктерінің және негізгі корпусының арасындағы саңылауды реттеу



Тоңазытқыштың барлық төрт есіктерінің және негізгі корпусының арасындағы саңылауды реттегіш тетікпен реттеуге болады. (Реттегіш тетіктің орналасқан жері суретте көрсетілген.)



1. Есіктердің ішінен негізгі корпусқа жақын орналасқан есікті ашыңыз. Содан кейін **реттегіш тетікті (A)** сағат тілінің бағытына қарсы басқалармен теңескенше бұраңыз.



2. Саңылауды реттегеннен кейін **бекіткіш гайканы (B)** бұрап, **реттегіш тетікті** бұраңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Реттегіш тетікті бұраған сайын саңылау 1 мм-ге өзгереді. Дегенмен, есікті 1,5 мм-ден асыра деңгейлесеніз, есік дұрыс жабылмауы мүмкін.

ҚАДАМ: 6 Бастапқы параметрлер

Келесі қадамдарды орындағаннан кейін, тоңазытқыш толық іске қосуға дайын.

1. Тоңазытқышты іске қосу үшін қуат сымын қабырғадағы розеткаға жалғаңыз.
2. Есікті ашыңыз да, ішкі жарық шамының жанатын-жанбайтынын тексеріңіз.
3. Температураны ең суық мәніне қойыңыз да, шамамен бір сағат күтіңіз. Содан кейін мұздатқыш шамалы салқындайды да, қозғалтқыш қалыпты жұмыс істейді.
4. Тоңазытқыш орнатылған температураға жеткенше күтіңіз. Енді тоңазытқыш пайдалануға дайын.


ҚАДАМ: 7 Соңғы тексеру

Орнатып болғаннан кейін келесіні тексеріңіз:

- Тоңазытқыштың электр көзіне қосылғанын және жерге дұрыс тұйықталғанын.
- Тоңазытқыштың қабырғалар мен шкафтардан жеткілікті қашықтықта, тегіс, орнықты жерге қойылғанын.
- Тоңазытқыштың орнықты екенін және еденге орнықты қойылғанын.
- Есіктің еркін ашылып-жабылатынын және есік ашылғанда ішкі жарық шамының автоматты түрде жанатынын.

Іске пайдалану

Басқару панелі



01 Дисплей	Мәзірді, параметрлерді және басқа ақпаратты көрсетеді.
02 Түймелер	<ul style="list-style-type: none">• Сөніп тұрған дисплейді қосу үшін кез келген түймені түртіңіз.• Солға және оңға жылжу үшін < немесе > түймесін басыңыз.• Таңдауыңызды растау үшін O түймесін түртіңіз.• КН режиміне өту үшін O түймесін түртіп ұстап тұрыңыз. (Қосымша ақпаратты “SmartThings > Іске кірісу” тарауын 50-бетінен қараңыз)

ЕСКЕРТПЕ

- Басқару панелі тоңазытқыш пайдаланылмаған кезде сөніп тұратын етіп жасалған. Ол есікті ашсаңыз немесе түймелерді түртсеңіз ғана белсенді қалыпқа келеді және жарықтанады.
- Егер есік 5 минут бойы ашық қалса, ішкі шам 5 минут бойы жыпылықтайды және сөнеді. Бұл құлағы естімейтін немесе нашар еститін пайдаланушыларға есіктің ашық екенін ескертуге арналған. Мұның қалыпты функция екенін ескеріңіз.
- Панельдегі температураны өзгерткенде, панельде орнатқан температураға жеткенге дейін тоңазытқыштың ішіндегі ағымдық температура көрсетіледі. Содан кейін, панельде орнатқан жаңа температура көрсетіледі. Тоңазытқыш жаңа температураға жеткенше біраз уақыт қажет. Бұл қалыпты жағдай. Осы уақытта, температураны қайта орнатудың қажеті жоқ.

Басқару панелін пайдалану

1. Дисплейді жандандыру үшін кез келген түймені (<, O не >) түртіңіз.
2. Қажетті мәзірді таңдау үшін < немесе > түймесін түртіңіз де, растау үшін O түртіңіз.
3. Қажетті параметрді таңдау үшін < немесе > түймесін түртіңіз де, растау үшін O түртіңіз.
 - Берілген параметрлер туралы қосымша ақпаратты **Мәзір сипаттамасы** бөлімінен қараңыз.

Мәзір сипаттамасы

<p>Fridge (Тоңазытқыш)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқыштың температурасын 1~7 °C аралығында орнатуға немесе Қарқынды салқындату функциясын орнатуға болады. • Қарқынды салқындату функциясы желдеткішті ең үлкен жылдамдыққа қойып, салқындатуды тездетеді. Тоңазытқыш екі жарым сағат ең үлкен жылдамдықта жұмыс істеп тұрады да, содан кейін алдыңғы температураға қайтады.
<p>Freezer (Мұздатқыш)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Мұздатқыштың температурасын -23 ~ -15 °C аралығында орнатуға немесе Power Freeze (Қарқынды мұздату) функциясын орнатуға болады. • Қарқынды мұздату функциясы желдеткішті ең үлкен жылдамдыққа қойып, мұздатуды тездетеді. Мұздатқыш 50 сағат ең жоғарғы жылдамдықпен жұмыс істеп тұрады да, содан кейін алдыңғы температураға қайтады. Көп мөлшердегі тағамды мұздату үшін, тағамды мұздатқышқа салардан бұрын Power Freeze (Қарқынды мұздату) функциясын кемінде 20 сағат қосып қойыңыз.
<p>Cool Select+ (Салқын аумақ+)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Салқын аумақ+ режимін келесі режимдердің бірінен орнатуға болады. <ul style="list-style-type: none"> - Freeze (Мұздату): Температура мұздатқышпен бірдей температураға ауысады. - Soft Freeze (Баппен мұздату): Температура -5 °C дейін орнатылады. - Meat/Fish (Ет/Балық): Температура -1 °C дейін орнатылады. - Fruit/Veggies (Жеміс-жидек/Көкөністер): Температура 2 °C дейін орнатылады. - Beverage (Сусындар): Температура 4 °C дейін орнатылады. <p>⚠ АБАЙЛАҢЫЗ</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сонда сақтайтын тағам түріне сәйкес Салқын аумақ+ режимін таңдаңыз. • Жеміс-жидек/Көкөністер немесе Шарап режимінде Салқын аумақ+ ет пен тағамды сақтамаңыз. Ет немесе тағам бұзылып кетуі мүмкін. • Шыны бөтелкелерді Салқын аумақ+ Мұздату немесе Баппен мұздату режимінде сақтамаңыз. Олар сынуы және физикалық жарақат алуы мүмкін.

Іске пайдалану

Flex Crisper (Икемді контейнер)	<ul style="list-style-type: none">Икемді контейнер режимін келесі режимдердің бірінен орнатуға болады.<ul style="list-style-type: none">Fridge (Тоңазытқыш): Температура тоңазытқышпен бірдей температураға ауысады.Meat/Fish (Ет/Балық): Ет пен балықты балғын қалпында сақтау үшін осы функцияны таңдаңыз. (Ет пен балықтың балғын түрін Икемді контейнер ішінде сақтау үшін тоңазытқыштың температурасын 3 °C-тан төмен қоюға кеңес береміз) <p>ЕСКЕРТПЕ</p> <p>Ет пен балықты ет тартпасында 3-тен 5 күнге дейін сақтауға болады (тек бір немесе екі күн сақталуы тиіс кейбір тартылған етті қоспағанда). Егер сіз оларды 5 күннен артық сақтағыңыз келсе, оларды мұздатқышта сақтаңыз.</p>
More Options (Қосымша опциялар)	<p>Сіз келесі атқарымдардың параметрлерін өзгерте аласыз. Мәзірді таңдау үшін < немесе > түймесін түртіңіз де, растау үшін ○ түртіңіз.</p> <p>Temp. (Темп.)Unit (Бөлім): Температура шкаласын Цельсий немесе Фаренгейт деңгейіне қоюға болады.</p> <p>Door Alarm (Есіктің сигналы): Door Alarm (Есіктің сигналын) қосуға немесе өшіруге болады.</p> <p>Wi-Fi Connect (Wi-Fi қосылымы): Wi-Fi қосылымын қосуға немесе сөндіруге болады. Тоңазытқышты SmartThings қолданбасында басқару және бақылау үшін оны қосыңыз. (SmartThings туралы қосымша ақпаратты 49-беттегі SmartThings тарауынан қараңыз)</p>

ЕСКЕРТПЕ

Қарқынды салқындату немесе Қарқынды мұздату функциясын қолданғанда, пайдаланылатын қуат мөлшері артады.

SmartThings

Орнату

Google Play Store, Galaxy Apps немесе Apple App Store дүкеніне барып, “SmartThings” қолданбасын іздеңіз. Samsung Electronics ұсынатын SmartThings қолданбасын смарт құрылғыңызға жүктеп орнатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- SmartThings қолданбасы кейбір планшеттер мен iPad және кейбір смартфондарда қол жетімсіз.
 - [Android] OS 6.0 немесе одан жоғары нұсқаны қолдайды. (минималды 2 ГБ жедел жады)
 - [IOS] 10.0 немесе одан жоғары/iPhone 6 немесе одан жоғары нұсқаны қолдайды.
- Жұмыс тиімділігін арттыру үшін SmartThings қолданбасына алдын ала ескертусіз өзгеріс енгізіледі немесе өндіруші саясаты бойынша оған қолдау көрсету тоқтатылады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта сіздің ОЖ-де жаңартулар жүргізілген жағдайда да қолданбадағы немесе қолданба ішіндегі функцияның қосымша жаңартулары қолданыс және қауіпсіздік себептеріне байланысты тоқтап қалуы мүмкін.
- Ұсынылатын кодтау жүйелеріне WPA/TKIP және WPA2/AES жатады. Wi-Fi аутентификациялау протоколдарының жаңарақ немесе әдеттен тыс түрлеріне қолдау көрсетілмейді.
- Сымсыз желілерге қоршаған сымсыз байланыс ортасы әсер етуі мүмкін.
- Егер интернет провайдеріңіз ДК немесе модеміңіздің MAC мекенжайын анықтау үшін тіркеген болса, Samsung Smart Тоңазытқышыңыз интернетке қосыла алмауы мүмкін. Бұндай жағдайда интернет провайдеріңізге хабарласып, техникалық көмек алыңыз.
- Желіңіздің брандмауэр параметрлері Samsung Smart Тоңазытқышыңыздың интернетке қосылуына жол бермеуі мүмкін. Интернет провайдеріңізге хабарласып, техникалық көмек алыңыз. Бұл жағдай тоқтамаса, жергілікті Samsung қызмет көрсету немесе бөлшек сауда орталығына хабарласыңыз.
- Сымсыз кіру нүктесі (КН) параметрлерін теңшеу үшін кіру нүктесінің КН (коммутатор) пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Samsung Smart тоңазытқыштары Wi-Fi 2,4 ГГц жиілігін IEEE 802.11 b/g/n және Soft-AP протоколдарымен қолдайды. (IEEE 802.11 n ұсынылады.)
- Рұқсат етілмеген Wi-Fi сымсыз роутерлері тиісті Samsung Smart Тоңазытқыштарына қосыла алмауы мүмкін.

Іске пайдалану

Samsung есептік жазбасы

Қолданбаны пайдалану үшін Samsung есептік жазбаңыз тіркелген болуы керек. Samsung есептік жазбаңыз жоқ болса, Samsung есептік жазбасын тегін тіркеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Іске кірісу

Қосқыңыз келген құрылғыны қосып, телефондағы SmartThings қолданбасын ашып, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Егер жаңа құрылғы табылды деп қалқымалы терезе пайда болған жағдайда, **ADD NOW (ҚАЗІР ҚОСУ)** түймесін түртіңіз.

Егер қалқымалы терезе пайда болмаса, **+** түймесін түртіңіз де, қол жетімді құрылғылар тізімінен қосылатын құрылғыны таңдаңыз.

Егер сіздің құрылғыңыз қол жетімді құрылғылар тізімінде болмаса, **Supported Devices (Қолдау көрсетілетін құрылғылар)** тармағын түртіңіз, құрылғы түрін таңдаңыз (Тоңазытқыш), содан соң құрылғының нақты моделін таңдаңыз.

Құрылғыны орнату үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз. Орнату аяқталған соң сіздің тоңазытқышыңыз **Devices (Құрылғылар)** экранында «карта» түрінде пайда болады.

Тоңазытқыш қолданбасы

Кіріктірілген басқару

Тоңазытқышты үйде және жолда бақылауға және басқаруға болады.

- SmartThings басқару тақтасындағы тоңазытқыш белгішесін түртіңіз немесе басқару тақтасының төменгі жағындағы құрылғылардың белгішесін түртіңіз, содан кейін тоңазытқыш бетін ашып, тоңазытқыштың «картасын» түртіңіз.
- Тоңазытқышқа қатысты жұмыс күйін немесе хабарландыруларды тексеріп, қажет болса, опцияларын немесе параметрлерді өзгертіңіз.



ЕСКЕРТПЕ


Тоңазытқыштың кейбір опциялары немесе параметрлері қашықтан басқаруға келмеуі мүмкін.

Санаты	Элементі	Сипаттамасы
Бақылау және басқару	Тоңазытқыш температурасы	Тоңазытқыштың қажетті температурасын орнатуға және бақылауға болады.
	Мұздатқыш температурасы	Мұздатқыштың қажетті температурасын орнатуға және бақылауға болады.
	Қарқынды салқындату	Қарқынды салқындату функциясын қосып-сөндіруге, қазіргі параметрлерді тексеруге болады.
	Қарқынды мұздату	Қарқынды мұздату функциясын қосып-сөндіруге, қазіргі параметрлерді тексеруге болады.
	Икемді контейнер	Икемді контейнер үшін қажетті режимді орнатуға және бақылауға болады.
	Салқын аумақ+	Салқын аумақ+ үшін қажетті режимді орнатуға және бақылауға болады.
	Мұз текшесі / Мұз кесектері	Мұз жасау функциясын қосып-сөндіруге, функцияның қазіргі параметрлерін тексеруге болады.
	AutoFill құмырасы	AutoFill құмырасы функциясын қосып-сөндіруге, функцияның қазіргі параметрлерін тексеруге болады.
Ескерту сигналдары	Қалыптан тыс жоғары температура	Бұл сигнал тоңазытқыш, мұздатқыш немесе Салқын аумақ+ температурасы қалыптан тыс жоғары болса қосылады.
	Есікті ашу	Бұл сигнал тоңазытқыштың есігі, мұздатқыштың тартпасы немесе Салқын аумақ+ тартпасы белгілі бір уақыт ішінде ашық тұрса, іске қосылады.
	AutoFill құмырасы толып кетті	AutoFill құмырасы функциясы толып жатқанын сезсе, бұл сізге толу қандай күйде екенін білдіру үшін сигналды іске қосады.
	Су сүзгісін ауыстыру	Бұл сигнал су сүзгісін ауыстыру қажет екенін ескертеді.


Іске пайдалану

Арнайы функциялар


Майысқақ мұз жасағыш (қолжетімді үлгілерде ғана)



1. Мұздатқыштың есігін ашыңыз да, мұз науасын сырғытып шығарыңыз.
2. Науаның ішкі артқы жағында көрсетілген **макс. деңгейіне (A)** жеткенше су құйыңыз.
3. Науаны қайта орнына сырғытып енгізіңіз.



4. Су мұздап мұз текшелеріне айналған кезде мұз науасының тұтқасын сағат тіліне қарсы бұрап, мұз текшелерін мұз сауытына салыңыз. Бұл әрекетті мұз текшелерінің барлығы мұз сауытына салынғанша қайталаңыз.



5. Мұз сауытын алу үшін баппен жоғары көтеріңіз және тартып шығарыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Мұз жасауға арналған мұз сауытын қолданбаңыз. Сауыт сынып қалуы мүмкін.
- Мұз сауытының мұз науасының астындағы орында екеніне көз жеткізіңіз.

-
- Мұз сауытының астыңғы жағында тесік бар.
 - Мұзды бөлме температурасындағы сауытта сақтамаңыз. Мұз еріп, ағып кетеді.
 - Ток сөніп қалса, мұз суға айналып, ағып кетеді. Ток қалпына келгеннен кейін, су қайта қатып, сауытты сындыруы мүмкін. Сауытқа зақым келтірмеу үшін ток сөніп қалса, сауытты алыңыз және босатыңыз.
 - Тек ауыз суды ғана пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ**




- Мұз жасайтын уақыт температура параметрлеріне байланысты.

Күтім көрсету

Қолдану және күтіп ұстау

Тоңазытқыштың сөрелері

Сөрелердің түрлері үлгіге байланысты әр түрлі болады.



- Сөрелі алу үшін тиісті есікті шегіне дейін ашыңыз. Сөрелің алдыңғы жағын ұстап тұрып, баппен көтеріңіз де, тартып шығарыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Сөрелі алып немесе қайта салған кезде шегіне дейін көтермеу керек. Тоңазытқыштың артқы қабырғасы майысып қалуы мүмкін.

- Сөрелі қайта салу үшін, оның алдыңғы жағы артқы жағынан биіктеу болатын бұрыш жасап ұстап тұрыңыз да, үстіңгі ілмегін үстіңгі сөрелің кертiгiне келтiрiп салыңыз. Содан кейiн сөрелi төмендетіп, сөрелің астыңғы ілмегін астыңғы сөре кертiгiне салыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Шыныққан шыныдан жасалған сөрелердің салмағы ауыр. Оларды жылжитқан кезде абайлаңыз.
- Сөрелі дұрыс салу керек. Төмен қаратып салмаңыз.
- Шыны сауыттар шыны сөрелердің бетін сызып кетуі мүмкін.

Есіктің сауыттары




- **Есіктің сауытын** шығарып алу үшін сауыттың алдыңғы жағынан ұстап тұрып, абайлап көтеріңіз.
- Оны қайтадан салу үшін **есіктің сауытын** түпкілікті орнынан сәл жоғары салыңыз да, оның артқы жағының есікке қарама-қарсы тұрғанына көз жеткізіңіз. **Есік сауытының** артқы жағын қос қолдап ұстап, тығыз орныққанша төмен қарай басыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Тағам толы сауытты алып шығуға болмайды. Әуелі сауытты босатыңыз.
- Астыңғы сауытта үлкен шөлмектер болса, есікті ашқанда абай болыңыз, шөлмектер құлап түсуі мүмкін.
- Сауыттарды балаларға ойнауға бермеңіз. Сауыттың өткір жиектері жарақаттауы мүмкін.

Тоңазытқыштың тартпалары

Контейнерлер/Икемді контейнерлер тартпалары



Тартпаның алдыңғы жағын баппен көтеріп, сырғытып шығарыңыз.

- Тартпаны алмай тұрып, есіктегі сауыттарды ағытып алған дұрыс. Бұл есіктің сауыттарына зақым келтірмеу үшін қажет.
- Қайта салу үшін тартпаны жақтау сырғымаларына салыңыз да, ішке қарай сырғытыңыз.

Күтім көрсету

Тазалау

Ішкі және сыртқы жағы

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тоңазытқышты тазалау үшін бензол, сұйылтқыш, үй/машина жуғыш құрал немесе Clorox™ пайдалануға болмайды. Бұлар тоңазытқыштың беткі қаптамасын бүлдіруі және өрт шығаруы мүмкін.
- Тоңазытқыштың бетіне суды тура шашпаңыз. Электр тоғы соғуы мүмкін.


Қуат ашасының ағытпаларынан және түйіспелерден шаң немесе су тәрізді бөгде заттардың барлығын тазалау үшін құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.

1. Қуат сымын ағытыңыз.
2. Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы бетін тазалау үшін дымқыл, жұмсақ, мамығы жоқ шүберекті немесе қағаз сүлгіні пайдаланыңыз.
3. Болғаннан кейін құрғақ шүберекпен не қағаз сүлгімен мұқият құрғатыңыз.
4. Қуат сымын қосыңыз.

Резеңке тығыздағыштар

Есіктің резеңке тығыздағыштары ластанып қалса, есік дұрыс жабылмауы және тоңазытқыштың жұмысы мен тиімділігін төмендетуі мүмкін. Резеңке тығыздағышты тазалау үшін жұмсақ жуғыш затты және дымқыл шүберекті пайдаланыңыз. Содан кейін шүберекпен құрғатыңыз.

Артқы панелі



Артқы панелдің сымдары мен ашық тұрған бөліктерін таза ұстау үшін жылына бір немесе екі рет шаңсорғышпен тазалаңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы панельдің қақпағын алмаңыз. Электр тоғы соғуы мүмкін.

Ауыстыру

LED шамдары

Тоңазытқыш шамдарын ауыстыру үшін жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ


